

# БОЛАШАҚТЫҢ ТІРЕГІН ТӘРБИЕЛЕГЕН - ҰСТАЗ!

*Ұстаз болу адам бойындағы ұмы қасиеттердің бірі. Өмірде түрлі мамандық иесі болады.*

*Ел басқарушы және көш бастайтын азамат болсын барлығы ұстаздың алдында бас иеді. Себебі, ұстазы жақсының ұстанымы жақсы.*

Ұстаз – биіктен арқырай ақкан өзен сеқілді, айналасына қуат беріп, жолында кездескендерді сұймен нәрлендіріп, таудай қындықтарды тастай домалатып, білімнің сардаласында тыныштық тауып, дамылдайды.

Ұстаздар жайында халқымыздың ұлы батыры Бауыржан Момышұлы: “Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, галымын да, еңбеккөр егіппісін де, кеншилісін де ұстаз есіреді... Өмірге ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауга міндеттіміз”, - дейді.

Міне, осындай құрметке ие, бар санаудың ғұмырын ұстаздыққа аринаған мамандардың бірі Түркістан облысы,

Шардара ауданының тумасы, филология гылымдарының кандидаты - Абитова Гаухар Оразқызы.

Ол 1987 жылы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін, 1994 жылы Халықаралық Қазақ-түрк университеттің бітірген. ЖКОО-ны тәмемдеганнан кейін. 1994-1999 жылдар аралығында Ордабасы ауданы Қарааспан ауылындағы Жамбыл орта мектебінде ұстаздық қызметтің бастайды. 1999-2008 жылы Шымкент қаласындағы №7 техникалық лицейінде ұстаздықты жалғастыруды. Талай шәкірттерінің шырагын жаққан Гаухар Оразқызы 2010 жылдан Шымкент Әлеуметтік педагогикалық университетінде гылым жолына бет бүрәді. 2012 жылдан бастап Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің “Сапа қызметі және мониторинг” бөлімінде жоғары санатты маман менеджер болды. Сол жылдарды “Ер Сайын жырының поэтикасы” атты кандидаттық диссертация қоргады. “Ер Сайын жырының нұсқалары жайында”, “Ер Сайын” жырындағы жанрлық синкретизм” атты еңбектерін жазды. “Ер Сайын жырының оғыз эпикалық дәстүрімен байланысы”, ҚР төуелсіздігінің 15 жылдығына ариналған “Әуезов оқулары-5” жинағы, “Қа-

## ТҮЛҒА

закстанда гуманитарлық ілімдердің дамуы: Ізденістер, даму, перспективалары мен бағыттары” атты халықаралық гылыми тәжірибелік конференциялық енбектері жарық көрген. А.Байтұрсынұлы жариялаган “Ер Сайын” жырын зерделеп, онда М.Ж. Көпейұлы, В.Родлов, Р.Игнатьев нұсқауларында кездеспейтін ерекшеліктерді анықтаган.

Еліміз Төуелсіздік алған жылдардан бері заман талабына сайбілім берудің жаңа жүйесін қалыптастырып келеді. Қазіргі уақытта мемлекеттің халыққа білім берудің әлемдік стандарттарға сай үлгілерін тәжірибе ретінде алып, дамыта түсүде. М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың 80 жылдық мерейтойна орай Гаухар Оразқызы заман үдерісіне сай Қазақстанның білім және гылым жүйесінің дамуына қосқан айрықша үлесі және жоғары білікті мамандарды дайындаудагы ерен еңбегі үшін Ахмет Байтұрсынов орденінің иегері атанды.

Бүгінде құрметті ұстаз аталмыш оқуорныңда Статегиялық даму департаменті Әлеуметтік зерттеу бөлімнің басшысы қызметтің абыраймен ат-



қарып келеді.

Өмір жолын жас үрпактың білім мен гылымдары оркендеуіне аринаған Гаухар Оразқызы бүгінде ақсарады бо жасқа толып отыр. Бір қолымен өз бесігін, бір қолымен ел бесігін тербереген 5 баланың аяулы анасы, адал жарды мерейтоймын күттіктаімыз!

**СКАЛДЫКОЗОВА,**

*М.Әуезов атындағы орыс тілі және әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, А.КЕРИМЖАНОВНА, аға оқытушы.*